

**Химия, биология және география пәндері бойынша
онкүндікті өткізу туралы ақпарат
2025–2026 оқу жылы, 01–12 желтоқсан
«Каменка ауылының ЖОББ мектебі» КММ**

Онкүндікті өткізудің мақсаты:

оқушылардың жаратылыстану-ғылыми цикл пәндеріне деген қызығушылығын арттыру, танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту, оқушылардың дүниетанымын кеңейту; зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру; жауапкершілікке, ізденімпаздыққа және жаңа білімге ұмтылуға тәрбиелеу.

Онкүндік барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, күн сайын түрлі іс-шаралар өткізілді.

1 желтоқсан

Химия, биология және география онкүндігінің ашылуы өтті.

Химия, биология және география пәндерінің мұғалімі Қайыргалиев Е.М. 7–11 сынып оқушыларын онкүндіктің өткізілу жоспары, мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып, жаратылыстану ғылымдарының маңыздылығы және олардың қазіргі өмірдегі өзара байланысы туралы әңгімеледі.

2 желтоқсан

9-сынып оқушылары үшін география пәнінен «МегаФлагомания» интеллектуалдық ойыны өткізілді.

Оқушылар тулар бойынша елдерді анықтау, контурлық карталар және географиялық нысандарға қатысты тапсырмаларға белсенді қатысты. Іс-шара оқушылардың есте сақтау қабілетін, зейінін және географиялық сауаттылығын дамытуға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DRw1bRRDNo0/?igsh=bWdpbzUyMm9va2t1>

3 желтоқсан

11-сыныпта химия пәнінен «Химиялық калейдоскоп» ойыны өтті.

Оқушылар заттарды тану, реакция теңдеулерін құрастыру, элементтердің химиялық қасиеттерін анықтау бойынша тапсырмаларды орындады. Іс-шара білімді жүйелеуге және пән бойынша дүниетанымды кеңейтуге мүмкіндік берді.

4 желтоқсан

8-сыныпта «Қызықты география» атты конкурс-сабақ өткізілді.

Оқушылар материктер, мұхиттар, табиғат зоналары мен климатқа байланысты логикалық және танымдық тапсырмаларды орындады.

Конкурс пәнге деген қызығушылықты арттырып, картамен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DR13DNLjPse/?igsh=b2ZmZzdscTFzcXg3>

5 желтоқсан

9-сынып оқушылары үшін «Қызықты химия» атты интеллектуалдық ойын өткізілді.

Оқушылар жауап беру жылдамдығы бойынша сайысып, химиялық есептерді шығарды, заттардың формулаларын анықтады және блиц-викторинаға қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DR35EnEDBN6/?igsh=d2lsZmM1cGw1NnZy>

8 желтоқсан

7–11 сынып оқушылары үшін «Қызықты үзіліс» атты іс-шара өткізілді.

Мектеп дәлізінде химия, биология және география пәндері бойынша сұрақтары бар карточкалар орналастырылды. Дұрыс жауап берген қатысушыларға шағын сыйлықтар табысталды.

Іс-шара оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырып, мектептегі үзілісті жандандыра түсті.

https://www.instagram.com/reel/DR_0NbNjMSX/?igsh=aXJrZnlpM3RuYm9t

9 желтоқсан

8-сыныпта биология пәнінен брейн-ринг өтті.

Оқушылар командаларға бөлініп сайысып, анатомия, ботаника, зоология және жалпы биология бойынша тапсырмаларды орындады.

Іс-шара логикалық ойлауды және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DSCdCV9jBZi/?igsh=a2o5Zmp3bmk4bnpq>

10 желтоқсан

7-сыныпта «Таңғажайып биология» атты конкурс-сабақ өткізілді.

Оқушылар тірі ағзаларды жіктеу, жасушаның құрылысы және экология бойынша тапсырмаларды орындады.

Іс-шара биология пәнін оқуға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етті.

11 желтоқсан

8-сыныпта «Атомнан биосфераға дейін: үш ғылымның құпиялары» атты кіріктірілген конкурс-сабақ өтті.

Оқушылар химия, биология және географияны біріктіретін тапсырмаларды орындап, табиғаттағы химиялық үдерістерді анықтады, экожүйелерді салыстырды, табиғи компоненттер арасындағы өзара байланыстарды белгіледі.

<https://www.instagram.com/reel/DSCdCV9jBZi/?igsh=a2o5Zmp3bmk4bnpq>

12 желтоқсан

Онкүндіктің жабылуы өтті.

Барлық іс-шаралардың қорытындылары шығарылып, белсенді оқушылар мен байқаулардың жеңімпаздары марапатталды. Мұғалім Қайырғалиев Е.М. барлық қатысушыларға белсенділігі, шығармашылығы және қызығушылығы үшін алғыс білдірді.

Онкүндікке жауапты: _____ Қайырғалиев Е.М

